**Автор**: Турмысовна Алия ТУРМЫСОВНА
**Пән**: Математика
**Сынып**: 4-сынып
**Бөлім**: Жылдамдық, уақыт, арақашықтық
**Тақырып**: Логикалық есептер

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 4.4.2.2 кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық есептерді шығару |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар: кеңістіктік фигуралар жөнінде түсініктерінің болуы. Оқушылардың басым бөлігі: кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық есептерді талдау және шығару. Кейбір оқушылар: кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық есептерді зерттеу, шығару және құрастыру |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылар: Көлеңке пайда болуын, айнаға қарағанда қандай бейнені көретінін түсіндіру |
| Күтілетін нәтиже: | кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық есептерді зерттеу, шығару және құрастыру. |
| Бағалау критерийлері: | кеңістіктік фигуралар жөнінде түсініктерінің болуы. кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық есептерді талдау және шығару. |
| Құндылықтарды дарыту: | Адамгершілік, еңбекқорлық |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Электронды тапсырмалар. |
| Пәнаралық байланыс: | Қазақ тілі, көркем еңбек, жаратылыстану |
| Бастапқы білім: | Жоспарланған жаттығулар |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | ЫнталандыруNo1 тапсырма Оқушылар өрнектердің мәнін тауып, нәтижелерін өсу ретімен орналастырып найзағай басталар алдында орын алатын жағдайды білетін болады. Найзағай 451 • 203 – 444 444 : 11 + 3 789 =54938 Күн күркіреу 56 • 640 – (11 258 – 27 • 35) + 374 498 = 400 025 Дескриптор:Амалдардаң орындалу тәртібін біледі Есептің шешімін табады; ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Топтық жұмыс №2 тапсырма Бес бұрыш жасау үшін қағаздан ені 3 см болатын жолақ қиып алады, сосын оны түйіндеп байлайды. Оны қатты керіп байлап, бесбұрыш жасайды. Қарындашты қағаз бетінен ажыратпай суреттегідей жұлдыз салып көреді Дескриптор:Үлгі бойынша қағаздан бесбұрыш жасайды,салады; ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау Оқу мақсатын таныстыру: сен кеңістіктік ойлауды дамытатын логикалық есептер шығаратын боласың. | Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | Өзіндік жұмыс. 3 тапсырма Тапсырманы орында. а) Сен неше үшбұрыш көріп тұрсың? ә) Қарындашты қағазданажыратпай жұлдыз сала аласыңба? ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау №4тапсырма Берілген фигурабірдей 7 шаршыдан тұ¬рады. Оның периметрі – 112 см. Фигураның ауданынешеге тең? Шешуі: Оқушылар алдымен фигураның қабырғаларыныңсанын анықтайды. 112 : 16 = 7см – шаршының бір қабырғасының ұзындығы7см •7см = 49 см2 – бір шаршының ауданы 49 •.7 = 343 см2 – фигураның ауданы Жауабы: фигураның ауданы 343 см2 тең Дескриптор:фигураның қабырғаларының санын анықтайды. шаршының бір қабырғасының ұзындығы анықтайды. фигураның ауданы анықтайды. ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау Жұптық жұмыс №5 тапсырма«Жұптас, ойлан, бөліс» әдісі. | Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Оқулық, дәптер, текшелердің модельдері. |
| Сабақтың соңы | Сен зерттеушісің №8 тапсырма Оқушылар берілген фигураларда қанша шаршы барын анықтайды. Ол үшін бір шаршыны екінші рет қайталамай барлық шаршыларды санап шығады. а) Бірінші фигурада үлкен шаршы – 1, орташа шаршы – 1, кіші шаршы – 4. Барлығы – 6. ә) Екінші фигурада үлкен шаршы – 2, орташа шаршы – 2, кіші шаршы – 5. Барлығы – 9. ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау «Бас бармақ» кері байланыс | Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. |
| Рефлексия | Сөйлемді толықтырыңдар:<br>– Бүгін мен ... білдім.<br>– Маған ... қызық болды.<br>– Маған ... қиын болды.<br>– Мен тапсырманы ... орындадым. | |